

Лексикалық–грамматикалық және елтану тестілері  
11-сынып

1. «Көзі ашық» сөзінің антонимін көрсетіңіз.

- A) Елгезек
- B) Білімді
- C) Оқыған
- D) Аңқау
- E) Надан

2. Көңіл күйіне, сезімге орай айтылатын қыстырма сөзді белгілеңіз.

- A) Меніңше
- B) Әлбетте
- C) Амал қанша
- D) Бәлкім
- E) Ақырында

3. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз.

- A) Пырақ
- B) Алтын
- C) Жаңбырлы
- D) Қос
- E) Бейне

4. Жалаң сөйлемді табыңыз:

- A) Олардың әндерін бәріміз тыңдаймыз.
- B) Ол оқып жүр.
- C) Ол қаржыны да мол табады.
- D) Мен таңға дейін отырдым.
- E) Оның музыкалық мәдениеті өте бай.

5. Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолының дұрысын көрсетіңіз. - *Енді кері қайтуға бола ма?- деп сұрады жауынгерлер.*

- A) Жауынгерлер қайтуға рұқсат сұрады.
- B) Жауынгерлер кері қайтуға болмайтынын сұрады.
- C) Жауынгерлер кері қайтатынын айтты.
- D) Жауынгерлер енді кері қайтуға болатын, болмайтынын сұрады.
- E) Жауынгерлер кері қайтуға болатынын сұрады.

6. Қысқартуға болатын қатарды анықтаңыз.

- A) Ат спорты федерациясы
- B) Жазушылар одағы
- C) Біріккен ұлттар ұйымы
- D) Тәуелсіз Қазақстан
- E) Жаңа экономикалық аймақ

7. Қажетті сөзді табыңыз. *Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ... оны еліміздің әр азаматы білуге міндетті.*

- A) егер
- B) сондықтан
- C) себебі
- D) әйтпесе
- E) бірақ

8. Адамның өзіне қатысты істейтін әрекетін көрсетіңіз.

- A) бояу, тазалау
- B) бояну, тазалану
- C) бояту, тазалату
- D) боясу, тазаласу
- E) боялу, тазалану

9. Дұрыс тіркескен сөзді табыңыз.

- A) Ақымақ өзен
- B) Тәртіпті ой
- C) Жуас кітап
- D) Әдеби тіл
- E) Тәтті ауыл

10. Құрмалас сөйлемнің түрін анықтаңыз. *Автобус бірде тез жүреді, бірде баяу жүреді.*

- A) Талғаулы салалас құрмалас сөйлем.
- B) Іліктес салалас құрмалас сөйлем.
- C) Кезектес салалас құрмалас сөйлем.
- D) Сабактас құрмалас сөйлем.
- E) Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем.

**11. Синоним сөздер қатарын тап:**

- A) үлкен, ересек, кіші
- B) су жүрек, батыл жүрек, қорқақ
- C) тәтті, әдемі, қызыл
- D) қысқа, келте, тон
- E) қас, жау, дұшпан

**12. Қай сөйлемде сан есім емлеге сай жазылған?**

- A) 1845-жылы ұлы Абай дүниеге келген.
- B) Жолдастарымның кеткеніне екі - үш күн болды.
- C) Сағат 6 ға 10 минут қалған кезде Азамат пәтерінен шықты.
- D) 30 40-тай адам жиналған екен.
- E) Біз 2еу едік.

**13. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған зат есімді көрсетіңіз.**

- A) Тұздың емдік қасиеті бар.
- B) Аурудан аяған күштірек.
- C) Шокпардай кекілі бар қамыс құлақ.
- D) Бес жүздей жұмыскер қосылды.

**E) Анам қалаға кеткен.**

**14. Сабақтаса құрмаласқан сөйлемді табыңыз.**

- A) Саяхатшылар көп келді.
- B) Дәметкеннің жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды.
- C) Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен болады.
- D) Телехабарда ән де, жыр да, кино да кезектесіп жүріп жатады.
- E) Шәрбану далаға шығып еді, бірақ олар кетіп қалыпты.

**15. ... Көкорай шалғын, бәйшешек**

**Ұзарып өсіп толғанда.**

**Күркіреп жатқан өзенге**

**Көшіп ауыл қонғанда... . Бұл Абайдың қай мезгілді суреттеген өлеңі?**

- A) қыстың басы
- B) жаз
- C) қыс
- D) көктем
- E) күз

**16. 1929 жылы қай әліпбиге көшкенімізді табыңыз.**

- A) орыс әліпбиі
- B) түрік әліпбиі
- C) араб әліпбиі
- D) латын әліпбиі
- E) қазақ әліпбиі

**17. Екінші қазақ ғарышкері.**

- A) Ғани Қасымов
- B) Тоқтар Әубәкіров
- C) Талғат Мұсабаев
- D) Айдын Айымбетов
- E) Талғат Бигельдинов

**18. Ешкінің төлі не?**

- A) бұзау
- B) құлын
- C) бота
- D) лақ
- E) торай

**19. Солтүстік Қазақстан қандай өлке:**

- A) мұнай өлкесі
- B) түсті металдар өлкесі
- C) астық өлкесі
- D) мақта өлкесі
- E) мыс өлкесі

**20. Қобыздың атасы кім?**

- A) Әл-Фараби
- B) Қорқыт
- C) Асан қайғы
- D) Құрманғазы
- E) Бұхар жырау

## Оқылым

### 11-сынып

**Мәтінді оқыңыз, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.**

#### **Жапон аңызы**

Тояма префектурасының Касудзука деген өлкесінде өте бай кісі өмір сүріпті. Алтын мен күмістен жиналған дүние-мүлкінде есеп жоқ, даңқы алыстағы елдерге дейін тараған дәулетті екен. Оның ондаған зәулім сарайлары, ұшы-қиырына көз жетпес егістік алқаптарын ұстапты. Құрғақшылықта да байдың егіні жайқалып шығып, қамбасы астыққа толыпты.

Байдың жалғыз қызы бар екен. Гажап сұлу екен. «Бұл қызды алған адамда арман бар ма екен?» - депті жұрт. Қысқасы, касудзукалық сұлуды жұрт аңыз ғып жүргенде, бай қызын Кунгиямадағы Бандоу деген байдың баласына ұзату тойын бұрын-соңды тойдан бөлек, ерекше салтанатты етіп жасамақ болады. Той өтетін жерге жеті сарай салдырып, сексен саба сакэ әкелдірді.

Бай ауыл аймақтан жұртты жинап, жеті күн, жеті түн тойлапты. Бай «Үркердің қызындай үлпілдетіп өсірген жалғызымды ұзатқанда, жер бастырып жүргізгенім болмас» деп, жұртты одан сайын таңдандыру үшін қызының жүретін жолына ерекше бірдене төсеуді ойлайды. Сөйтіп, бай қызын мочидің (күріштен жасалатын күлше нан) үстімен ұзатпақ болады. Ол қызметшілеріне айнадай жылтыраған мочи әзірлеуді бұйырады. Аспазшылар жеті күн, жеті түн күлше илеумен болады. Жеті тәулік өткенде, бай мен оның Бандоу құдасының үйіне дейін созылған сегіз шақырымдық күлшеден жасалған жол дайын болады. Былтыр құрғақшылық болғандықтан, ел асқа жарымай отыр еді. Тек байдың егістігі ғана мол өнім берген еді. Бір түнде төселген аппақ жолды көрген ауыл ақсақалдары – «апырай, не болар екен?» деп жағаларын ұстапты.

Айнадай жол көктемнің күн сәулесімен шағылысқанда, үлде мен бүлдеге оранған бай қызы сарайдан шықты. Аппақ боп жылтырап жатқан алғашқы күлшені аяғымен баса бергені сол екен, о тоба, домалақ нан аққуға айналып, әуеге көтерілді. Екінші қадам, үшінші қадам қалыңдықтық аяғының астынан аққулар бірінен кейін бірі ұшып жатыр, ұшып жатыр. Жұрт таң-тамаша. Аспанға көтерілген бір топ аққу байдың үй-жайының үстінен бір айналды да алысқа ұзап, көзден ғайып болды. Байдың бар бақыт берекесі аққу-киемен бірге осылайша ұшып кете барды.

Күз келді. Ел егін жинауға кіріседі. Ал қызын ұзатқан байдың егістігіне бір түйір дән шықпайды. Келесі жылы да егістік өнім бермейді. Одан кейінгі жылы да. Сөйтіп, бұрынғы алтын дәнді алқап тақыр шөлге айналыпты. Берекесі кеткен байдың дүние мүлкі бірте-бірте азайып, ақырында сіңірі шыққан кедей болады. Оның қызын алған Бандоу байдың әулеті де көп ұзамай тақыр кедейге айналыпты дейді.

**Мәтін бойынша тест тапсырмалары:**

#### **1. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.**

Байдың дүниесі:

- A) егістік алқаптары, асыл дүниелері
- B) астық, алтын, күміс, зәулім сарайлары
- C) мүлік, егістік алқаптары, асыл дүниелер, зәулім сарайлары
- D) дүние-мүлік, алтын, күміс, асыл дүниелер, егістік алқаптары

#### **2. Мәтіндегі басты тірек сөздерді таңдаңыз.**

A) сұлу, бай, аққу, қадам, үркер, аспазшы

**B) бай, дүние, қызы, күлше, аққу, береке**

C) дүние, бай, береке, құда, егістік, Бандоу

D) күн, бай, береке, күлше, құрғақшылық, аққу

**3. Мәтіндегі жағымсыз бағаланатын ақпаратты таңдаңыз.**

A) Былтыр байдың егістігі ғана мол өнім берген еді.

B) Аспазшылар жеті күн, жеті түн күлше илеумен болады.

**C) Наннан жасалған жолды көргенде қариялар жағасын ұстады.**

D) Бір түнде күлшеден жасалған сегіз шақырымдық жол дайын болды.

**4. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.**

**Қыздың барған жері қандай жағдайға тап болды?**

A) Күлшелер нан құсқа айналып, әуеге көтерілді.

**B) Бандоу байдың отбасы да көп кешікпей кедей болды.**

C) Ауыл адамдары болған оқиғаға таңданып, ақырын күтіп отырды.

D) Бір топ аққу байдың үйінің үстінен бір айналып өткен соң, жоқ боп кетті.

**5. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.**

**A) Астың қадірін түсіну.**

B) Барға қанағат ете білу.

C) Қызды құрметтеу керек.

D) Алтынның қасиетін білу.

**6. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.**

A) Аққу – киелі құс

B) Байлық – бақыт емес

C) Бай қызының ұзатылу тойы

**D) Нанды таптау – мастықтың белгісі**

**7. Мәтіндегі ақпаратты нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.**

A) Масаттанған бай қызының аяқ астына нан төседі.

B) Бай зәулім сарайын аппақ дарбазамен қоршады.

**C) Байдың бақыты мен байлығы аққумен бірге ұшып кетті.**

D) Бай қызының жеті күн, жеті түнге созылған ұлан асыр тойы болды.

**8. Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.**

A) Нанды байдың қызы аяқ асты етті.

B) Бұрынғы мол өнім беретін алқап айдалаға айналды.

**C) Бар жақсысын үстіне жапсырған бай қызы сарайдан шықты.**

D) Байдың дүние мүлкі бірте-бірте азайып ақырында кедей болды.

**9. Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.**

A) Наннан төселген жолды көргенде ақсақалдар жағасын ұстапты.

**B) Бай әулеті нанды қадірлемегендіктен жоқшылыққа ұшырады.**

C) Бай жалғыз қызын ұзатамын деп, бар байлығын далаға шашты.

D) Басқалардың еңбегін түсінбеген бай әулеті барлық дүниесінен айрылып кедейленді.

**10. Мәтінге қандай ат қоюға болады?**

Шығармашылық тапсырма

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ  
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

**Тыңдалым**

**11-сынып**

**Тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, тест сұрақтарына жауап беріңіз.**

**1. Шешендіктің негізгі мақсаты не?**

- a) әдемі сөйлеу
- в) адамдардың бәрін өзіне қарату
- с) **өзінің дітін орындату**
- d) біреуді сөзбен жеңу
- e) өзінің артықшылығын көрсету

**2. Мәтіндегі «өзінің дітін орындату» тіркесіндегі «діт» деген сөзді орыс тіліне қалай аударуға болады?**

- a) желание, цели, мечты
- в) приказ, указ, повеления
- с) вопросы, проблемы, трудности
- d) желание, отчаяние, воззвание
- e) **желание, намерение, помыслы**

**3. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін сөйлемді табыңыз.**

- a) Шешендік өнер дегеніміз – сөз арқылы бір істі орындауға негізделген өнер.
- в) Бір ауыз сөзбен мәселе шешетін адамды – шешен дейді.
- с) Шешен адамның арсеналында, қорында тілдің бүкіл құралдары болады.
- d) **Кез келген адам шешен бола алады.**
- e) Шешендік өнер дегенде шешеннің сөзін ұзақ бітпейтін бір толып жатқан әдемі орамдардан тұратын сөз деп елестетеміз.

**4. Мәтін бойынша, шешен болу үшін...**

- a) әдемі сөйлей білу керек
- в) адамдардың бәрін өзіне қарату керек
- с) жақсы киіну керек
- d) біреуді сөзбен жеңе білу керек
- e) **ең басты ұстанымдары игілікке қызмет ету керек.**

**5. Қазақта шешен деп кімді айтады?**

- a) ел алдында әдемі сөйлеп, халықтың назарын аударған, тоқтамай сөйлеген адамды
- в) **сөзімен дауды шешкен, сөзімен істі аяқтаған, сөзімен халықты бір игі бастамаға жұмылдырған адамды**
- с) көп мақалды жатқа білетін, көп оқыған, есте сақтау қабілеті жақсы адамды
- d) әдемі сөздердің жиынтығынан ғана тұратын мәтіндер құрастыратын адамды
- e) сөзімен елді күреске үндеп, дау-дамайға шақырған, ешкімге жеңістік бермеген адамды

**6. Мәтін бойынша, шешендіктің сыры неде?**

- a) орфоэпия заңдылықтарын сақтап, сөздерді дұрыс айту
- в) қолды сермеп, аса қатты сөйлеп, адамдардың бәрін өзіне қарату
- с) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, сүйсіндіретін сөздерді қолдану
- d) сөзді дұрыс тандау, сөзді дәл айту, өз мағынасында айту, ол сөзді қысқа әрі нұсқа айту**
- е) біреудің сөзін дұрыс тыңдау, дәл жауап беру, ұзақ әрі толық сөйлеу

**7. Тілші ғалымның айтуынша, шешен адамның қорында қандай құралдар болады?**

- a) анықтауыш, айқындауыш
- в) бейнелеуіш, еліктеуіш
- с) көркемдеуіш, ерекшелеуіш**
- d) көркемдеуіш, ажыратқыш
- е) көркемдеуіш, атауыш

**8. Төле бидің шешендік сөзінде қазақ халқының бейбіт ел екені қай жолда айтылған?**

- a) Біз қазақ деген мал баққан елміз.
- в) Жылқы қылын найзасына таққан елміз.
- с) Елімізден құт-береке қашпасын деп.
- d) Жеріміздің шетін жау баспасын деп.
- е) Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.**

**9. Мәтіннің негізгі тақырыбы**

- a) қазақ тілінің құдіреті
- в) қазақ шешендері
- с) шешендіктің мектебі
- d) шешендік өнердің құдіреті**
- е) шешендердің тарихтағы ролі

**10. Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз.**

- a) Тіл деген ол керемет пышақтың жүзіндей өткір қару
- в) Билер аузынан шыққан шешендік үлгілерде дәл өлеңдегідей өлшемді, жүйелі болғанымен, ұйқас ырғақ сияқты поэтикалық элементтер қатысады**
- с) Шешен адам кейде екі-ақ сөзбен дауды да тоқтата алады, екі-ақ сөзбен ханның басын да иіп бере алады, екі-ақ сөзбен екі елді татуластыра алады.
- d) Кейінгі жастарымыздың түсінігінде осы бір судырақтатып сөйлей беру, әдемі сөздердің қатарын көбейтіп айта беру деген қате пікір бар.
- е) Бір ауыз сөзбен бүкіл елді, жауды тоқтатқан кезінде би-шешендеріміз болған.